

"Қарасу ауданы әкімдігінің мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі" мемлекеттік мекемесі туралы Ережені бекіту туралы

Костанай облысы Қарасу ауданы әкімдігінің 2024 жылғы 22 ақпанды № 68 қаулысы.

"Қазақстан Республикасында жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 31-бабына, "Мемлекеттік органдар мен олардың құрылымдық бөлімшелерінің қызметін ұйымдастырудың кейір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 1 қыркүйектегі № 590 қаулысына сәйкес Қарасу ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Қоса беріліп отырған "Қарасу ауданы әкімдігінің мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі" мемлекеттік мекемесі туралы Ереже бекітілсін.

2. "Қарасу ауданы әкімдігінің мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) жоғарыда көрсетілген ережені әділет органдарында мемлекеттік тіркеуді қамтамасыз етсін;

2) осы қаулыға қол қойылған күннен бастап күнтізбелік бес жұмыс күн ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі электрондық түрдегі көшірмесін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының Қостанай облысы бойынша филиалына ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін жіберілуін;

3) ресми жарияланғанынан кейін осы қаулыны Қарасу ауданы әкімдігінің интернет-ресурсына орналастырылуын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қарасу ауданы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

B. Радченко

Қарасу

ауданы әкімдігінің

2024 жылғы 22 ақпандығы

№ 68 қаулысымен

бекітілген

"Қарасу ауданы әкімдігінің мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі" мемлекеттік мекемесі туралы ереже

1 тарау. Жалпы ережелер

1. "Қарасу ауданы әкімдігінің мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі" мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – Бөлім) мәдениет және тілдерді дамыту саласында басшылықты жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы болып табылады.

2. "Қарасу ауданы әкімдігінің мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі" мемлекеттік мекемесінің ведомствоның бағынысты ұйымдары бар:

1) "Қарасу ауданы әкімдігінің мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің Қарасу орталықтандырылған кітапхана жүйесі" мемлекеттік мекемесі.

2) "Қарасу ауданы әкімдігінің мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің "Достық" аудандық мәдениет үйі" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны.

3) "Қарасу ауданы әкімдігінің тілдерді оқыту орталығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

3. Бөлім өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституациясына және заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

4. Бөлім мемлекеттік мекеменің ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 25 тамыздағы № 236 қаулысымен бекітілген мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдарда құжаттандыру, құжаттаманы басқару және электрондық құжат айналымы жүйелерін пайдалану қағидаларына сәйкес Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы бейнеленген мөрі және мемлекеттік тілде өз атауы бар мөртаңбасы, белгіленген ұлғідегі бланкілері бар.

5. Бөлім азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан түседі.

6. Бөлім егер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес осыған уәкілеттік берілген болса, мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуга құқығы бар.

7. Бөлімөз құзыретіндегі мәселелер бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі басшысының бүйрықтарымен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен ресімделетін шешімдер қабылдайды.

8. Бөлімінің құрылымы мен штат санының лимиті Қазақстан Республикасының енбек заңнамасына сәйкес бекітіледі.

9. Заңды тұлғаның орналасқан жері: 111000, Қазақстан Республикасы, Қостанай облысы, Қарасу ауданы, Қарасу ауылы, А. Исаков көшесі 68.

10. Осы ереже бөлімнің құрылтай құжаты болып табылады.

11. Бөлімінің қызметін қаржыландыру жергілікті бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

12. Егер Бөлімге заңнамалық актілермен кірістер әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда алынған кірістер, егер Қазақстан Республикасының заңнамасымен өзгеше белгіленбесе, мемлекеттік бюджетке жіберіледі.

13. Бөлімге кәсіпкерлік субъектілерімен мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің өкілеттігі болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысында шарттық қатынастарға түсуге тыйым салынады.

2 тарау. Мемлекеттік органдың міндеттері мен өкілеттіктері

14. Міндеттері:

1) Қазақстан Республикасының заңдарына, Қазақстан Республикасы Президентінің, Үкіметінің мәдениет, тілдерді дамыту бөлімінің құзыретіне жататын актілері мен тапсырмаларына сәйкес мәдениет және тілдерді дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты қамтамасыз ету, іске асыру;

2) мәдениет және тілдерді дамыту жөніндегі мемлекеттік саясатты іске асыру мәселелері бойынша ведомстволық бағынысты ұйымдардың қызметін үйлестіру, сала проблемаларын шешуге қатысты мәселелер бойынша өзара іс-қимыл жасау.

3) мәдениет және тілдерді дамыту насиҳаттауды жүзеге асыру;

4) мәдениет және тілдерді дамыту қолдау және ынталандыру;

5) мәдениет және тілдерді дамытудың материалдық-техникалық базасын құру және нығайту, олардың инфрақұрылымын дамыту болып табылады.

6) "Қарасу ауданы әкімдігінің мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі" мемлекеттік мекемесі қызметінің мәні Қарасу ауданының аумағында мәдениет және тілдерді дамыту саласындағы жергілікті мемлекеттік басқару функцияларын жүзеге асыру, аудан аумағында тұратын барлық халықтардың мәдениетін сақтау және дамыту үшін жағдай жасау, азаматтардың мемлекеттік тілді менгеру бостандығына құқықтарын іске асыруға жәрдемдесу, шығармашылық, мәдени қызмет, рухани қажеттіліктерді қанағаттандыру, демалыс саласын дамытуға, халықтың әртүрлі топтарының мәдени-демалыс қызметінің әртүрлілігін қамтамасыз етуге жәрдемдесу, тарихи-мәдени мұраны сақтау және пайдалану жөніндегі қызметті жүзеге асыру, аудан аумағында Қазақстан Республикасының тіл туралы заңнамасын іске асыру, халықты бұқаралық ақпарат құралдары арқылы мемлекеттік тілдің іске асыруға сырлыту туралы хабардар ету болып табылады.

15. Өкілеттіктер:

1) құқықтар:

өз қызметін атқарушы биліктің басқа органдарымен өзара іс-қимылда жүзеге асыру;

мемлекеттік органдар мен лауазымды тұлғалардан, өзге де ұйымдар мен азаматтардан өз функцияларын орындауға қажетті ақпаратты сұратуға, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің құзыретіне жататын мәселелерді дайындауға мемлекеттік органдар мен өзге де ұйымдардың қызметкерлерін тартуға;

қарамағында мәдениет, тілдерді дамыту саласындағы мәселелер және мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің құзыретіне кіретін өзге де мәселелер бар аудан ұйымдарына ұйымдастырушылық-әдістемелік, ақпараттық және өзге де көмек көрсету;

занды тұлғалар мен азаматтармен шарттар жасасу, мүліктік және жеке мүліктік емес құқықтарды сатып алу, сотта талапкер және жауапкер болу;

2) міндеттері:

Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының нормаларын сақтау;

Қазақстан Республикасы Президентінің, Үкіметінің және өзге де орталық атқарушы органдардың, сондай-ақ облыс пен аудан әкімінің және әкімдігінің актілері мен тапсырмаларын сапалы және уақтылы орындау;

Қазақстан Республикасының "Мәдениет туралы", "Тіл туралы" Зандарын және өзге де нормативтік құқықтық актілерді іске асыру мәселелері бойынша мемлекеттік органдармен, өзге де үйымдармен өзара іс-қимыл жасау;

Бөлімнің құзыретіне жататын мәселелер бойынша занды және жеке тұлғаларға түсініктемелер беру;

мәдениет мекемелері мен кәсіпорындарын ұстаяға арналған бюджетті қалыптастыру жөнінде ұсыныстар әзірлеу;

мәдениет және тілдерді дамыту саласында жүргізіліп жатқан мемлекеттік саясаттың тиімділігін арттыру жөнінде ұсыныстар әзірлеу және іске асыру;

мемлекеттік органдың құзыретіне жататын мәселелер бойынша ақпараттық-талдау материалдарды мен құжаттарды дайындау;

ведомстволық бағынысты үйымдар мүлкінің тиімді пайдаланылуы мен сақталуына бақылауды жүзеге асыру;

мемлекеттік мекеме құзыретінің мәселелері бойынша аудан әкімі және әкімдігі қабылдайтын нормативтік-құқықтық актілердің жобалары бойынша ұсыныстар енгізу;

Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де міндеттер.

16. Мемлекеттік органдың функциялары:

"Қарасу ауданы әкімдігінің мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі" мемлекеттік мекемесінің негізгі функциялары болып табылатындар:

1) өз құзыреті шегінде Қазақстан Республикасының "Мәдениет туралы", "Тіл туралы" Зандарын және өзге де нормативтік құқықтық актілерді орындауды жүзеге асырады;

2) ауданның жергілікті атқарушы органына Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен ауданның мемлекеттік мәдениет және тілдерді дамыту үйымдарын құру, қайта үйымдастыру, тарату жөнінде ұсыныстар енгізеді;

3) ауданның мәдениет және тілдерді дамыту ведомстволық бағынысты үйымдардың мәдени-демалыс, кітапхана қызметін дамыту және тілдерді дамыту жөніндегі қызметін қолдайды және үйлестіреді, әдістемелік және консультативтік көмек көрсетеді;

4) ауданның мемлекеттік мәдениет үйымдарын аттестаттаудан өткізеді;

5) мәдениет, мемлекеттік және басқа тілдерді дамыту саласында аудан деңгейінде әлеуметтік маңызы бар, ойын-сауық мәдени-бұқаралық іс-шаралар өткізууді жүзеге асырады;

6) мемлекеттік және басқа тілдерді дамытуға бағытталған іс-шаралар өткізуді үйымдастырады;

7) бөлімнің құзыреті шегінде тарихи-мәдени мұра объектілерін анықтау, есепке алу, қорғау және пайдалану, олардың жай-күйіне мониторинг жүргізу жөніндегі жұмысты үйымдастырады;

8) өз құзыреті шегінде мәдениет саласындағы коммуналдық меншікті басқаруды жүзеге асырады;

9) әкімшілік-аумақтық бірліктерге, елді мекендердің құрамдас бөліктеріне атау беру, оларды қайта атау, сондай-ақ олардың атауларының транскрипциясын нақтылау мен өзгерту кезінде тиісті аумақ халқының пікірін ескеруді Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындастырын тәртіппен жүргізуді үйымдастырады;

10) азаматтарды тіл қағидаты бойынша кемсітушілікке жол бермеу жөнінде түсіндіру жұмыстарын жүргізеді.

10-1) ауылда, кентте мандайшаны орналастыру туралы хабарламаларды қабылдауды және қарауды жүзеге асырады;

10-2) әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттамалар жасау, әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істерді қарау және әкімшілік жазалар қолдану бойынша жұмыстарын жүргізеді;

11) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мәдениет және тілдерді дамыту салаларындағы құзыреті шенберінде өзге де функцияларды жүзеге асырады.

Ескерту. 16-тармаққа өзгерістер енгізілді - Қостанай облысы Қарасу ауданы әкімдігінің 27.03.2025 № 52 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі); 17.07.2025 № 133 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

3 тарау. Мемлекеттік органның, алқалы органдардың бірінші басшысының мәртебесі, өкілеттіктері (бар болса)

17. Бөлімге жүктелген міндеттердің орындалуына және оның өкілеттіктерін жүзеге асыруға дербес жауапты болатын басшы жүзеге асырады.

18. Бөлімнің басшысы Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес қызметке тағайындалады және қызметтен босатылады.

19. Бөлім басшысының орынбасарлары жоқ.

20. Бөлім басшысының өкілеттігі:

1) мемлекеттік органдар мен үйымдарда бөлімнің атынан өкілдік етеді;

2) Бөлімде Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға бағытталған шараларды қабылдайды, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша шараларды қабылдамағаны үшін дербес жауапты болады;

3) Бөлімнің жұмысын үйымдастырады және оған басшылық жасайды және жүктелген міндеттер мен функциялардың орындалуына дербес жауапты болады;

- 4) осы Ережеде белгіленген құзыret шегінде ғана бұйрықтар шығарады;
- 5) қызметтік құжаттамаға қол қояды;
- 6) заңнамада белгіленген тәртіппен Бөлімнің қызметкерлеріне тәртіптік жаза тағайындауды және босатады және көтермелеу шараларын қолданады;
- 7) жеке тұлғаларды және заңды тұлғалардың өкілдерін жеке қабылдауды жүзеге асырады;
- 8) Бөлімде Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет туралы заңнамасының орындалуын бақылайды;
- 9) Қазақстан Республикасының заңнамасымен, осы Ережемен жүктелген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

Бөлім басшысы болмаған кезеңде оның өкілеттіктерін орындауды қолданыстағы заңнамаға сәйкес оны алмастыратын адам жүзеге асырады.

21. Бөлімнің жұмыс тәртібі Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес белгіленеді.

4 тарау. Мемлекеттік органдың мүлкі

22. Бөлімнің заңнамада көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болуы мүмкін.

Бөлімнің мүлкі оған меншік иесі берген мүлік, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

23. Бөлімге бекітілген мүлік коммуналдық меншікке жатады.

24. Егер заңнамада өзгеше белгіленбесе, Бөлім өзіне бекітілген мүлікті және оған қаржыландыру жоспары бойынша берілген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті дербес иеліктен шығаруға немесе оған өзге тәсілмен билік етуге құқылы.

5 тарау. Мемлекеттік органды қайта үйымдастыру және тарату

25. Бөлімді қайта үйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.